**Президенттік жаңа жыл шыршасын өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 21 карашадағы N 288-ө өкімі

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2003 жылғы 23-26 желтоқсанда Астана қаласында оқу озаттары қатарынан жетім балаларға, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға, балалар үйлері мен интернаттық мекемелердің тәрбиеленушілеріне арналған Президенттік жаңа жыл шыршасын өткізу жөніндегі ұсынысы қабылдансын.

2. Қоса беріліп отырған:

1) Президенттік жаңа жыл шыршасын дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы;

2) Президенттік жаңа жыл шыршасын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралардың жоспары бекітілсін.

3. Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері мен Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі оқу озаттары қатарынан 9-дан 13 жасқа дейінгі жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды, балалар үйлері мен интернаттық мекемелердің тәрбиеленушілерін қосымшаға сәйкес санда Президенттік жаңа жыл шыршасына жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Облыстардың, Алматы қаласының әкімдеріне бірге жүрушілердің іссапар шығыстарын, екі жаққа жүру жолақысын төлеуді және балаларды жолда тамақтандыруды тиісті жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен жүргізу ұсынылсын.

5. Президенттік жаңа жыл шыршасын өткізуге арналған шығыстарды қаржыландыру оларды орындауға жауапты бағдарламалардың әкімшілеріне тиісті 2003 жылға арналған бюджеттерде көзделген қаражат шегінде жүзеге асырылады.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2003 жылғы 21 қарашадағы
N 288 өкімімен
бекітілген

**Президенттік жаңа жыл шыршасын дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы**

Құлекеев - Қазақстан Республикасының
Жақсыбек Әбдірахметұлы Білім және ғылым министрі, төраға
Досмұхамбетов - Астана қаласының әкімі,
Темірхан Мыңайдарұлы төрағаның орынбасары

**Ұйымдастыру комитетінің мүшелері**

Жұмағұлов - Қазақстан Республикасы
Бақытжан Тұрсынұлы Премьер-Министрінің Кеңсесі Әлеуметтік-мәдени даму бөлімінің меңгерушісі
Досқалиев - Қазақстан Республикасының
Жақсылық Ақмырзаұлы Денсаулық сақтау министрі
Қасейінов - Қазақстан Республикасының
Дүйсен Қорабайұлы Мәдениет министрі
Рябченко - Қазақстан Республикасының
Олег Григорьевич Ақпарат бірінші вице-министрі
Отто - Қазақстан Республикасының Ішкі
Иван Иванович істер бірінші вице-министрі
Қошанов - Қазақстан Республикасының
Ерлан Жақанұлы Көлік және коммуникациялар вице-министрі
Сәлиев - "Қазақстан" республикалық
Серік Жақыпұлы телерадиокорпорациясы" жабық акционерлік қоғамының басқармасы төрағасының орынбасары (келісім бойынша)
Ырсалиев - Қазақстан Республикасының
Серік Әзтайұлы Білім және ғылым министрлігі Жалпы орта білім департаменті директорының міндетін атқарушы
Рақымжанов - Астана қаласы білім
Әмірхан Мұратбекұлы департаментінің бастығы

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2003 жылғы 21 қарашадағы
N 288 өкімімен
бекітілген

**Президенттік жаңа жыл шыршасын дайындау**
**және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары**

| Р/с N | Іс-шаралар | Орындау мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1. | Президенттік жаңа жыл шыршасына қатысушы балаларды (бұдан әрі - балалар) және алып жүрушілерді іріктеуді ұйымдастыру | 10 желтоқсанға дейін | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі |
| 2. | Көлік түрін анықтау және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне балалардың келу және қайту кестесін жіберу | 12 желтоқсанға дейін | Облыстардың және Астана, Алматы қалаларының әкімдері, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |
| 3. | Балалар мен оларды алып жүрушілерді жөнелтуді, олардың екі жаққа жол жүру және жолда тамақтану ақысын төлеуді, сондай-ақ қайтып келгенде қарсы қамтамасыз ету | 21-27 желтоқсанға дейін | Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері |
| 4. | Балалар мен оларды алып жүрушілердің жол жүруін бөлек вагондармен қамтамасыз ету, тұратын жерінен Астана қаласына дейін және қайта жеткізу схемасын әзірлеу | 15 желтоқсанға дейін | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі |
| 5. | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінде және оның жергілікті жерлердегі ведомстволық бағынысты | 1 желтоқсанға дейін | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | ұйымдарына балаларды тасымалдауды ұйымдастыратын үйлестірушілерді тағайындау, олардың байланыс телефондарының нөмірлерін барлық мүдделі министрліктер мен олардың құрылымдық бөлімшелеріне хабарлау | | |
| 6. | Балаларды тұратын жерлерінен Астана қаласына дейін және қайтар жолда ішкі істер және денсаулық сақтау органдары қызметкерлерінің темір жол көлігімен алып жүруін ұйымдастыру | 21-27 желтоқсанға дейін | Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі |
| 7. | Президенттік жаңа жыл шыршасына қатысушыларды қарсы алуды, орналастыруды, тұруды, тамақтандыруды, мәдени-көпшілік және спорттық іс-шараларды өткізуді, шығарып салуды қамтамасыз ету | 21-27 желтоқсанға дейін | Астана қаласының әкімі |
| 8. | Балалар тұратын және іс-шаралар өтетін орындарда қоғамдық тәртіпті, сондай-ақ олардың Астана қаласында жүрген кезінде ішкі істер органдары қызметкерлерінің алып жүруін қамтамасыз ету | 21-27 желтоқсанға дейін | Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі |
| 9. | Балалар үшін сыйлықтар сатып алу және жинақтау | 12 желтоқсанға дейін | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Астана қаласының әкімі |
| 10. | Президенттік жаңа жыл шыршасын дайындауға және өткізуге Астана қаласының мәдениет қызметкерлері мен | желтоқсан | Астана қаласының әкімі, Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | шығармашылық ұжымдарының қатысуын қамтамасыз ету | | |
| 11. | Президенттік жаңа жыл шыршасын дайындау және өткізу барысын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз ету | желтоқсан | Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі |
| 12. | Президенттік жаңа жыл шыршасын теледидарға түсіруді ұйымдастыру | 25 желтоқсан | "Қазақстан теледидары және радиосы" республикалық корпорациясы (келісім бойынша) |
| 13. | Президенттік жаңа жыл шыршасына дайындық және оны өткізу барысында қажетті фонограммаларды жазуға жәрдемдесу | желтоқсан | "Қазақстан теледидары және радиосы" республикалық корпорациясы (келісім бойынша) |
| 14. | Президенттік жаңа жыл шыршасын өткізу сценарийін әзірлеу | 1 желтоқсанға дейін | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Астана қаласының әкімі |
| 15. | Балалардың Астана қаласында болуының күнтізбелік жоспары мен бағдарламасын жасау | 1 желтоқсанға дейін | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Астана қаласының әкімі |
| 16. | Шақыру билеттерін, бағдарламаларды, рұқсат қағаздарды, бэйдждерді және басқа да баспа өнімдерін дайындауды қамтамасыз ету | 10 желтоқсанға дейін | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Астана қаласының әкімі |
| 17. | Сценарийге сәйкес әртістерге арналған киімдерді дайындауды қамтамасыз ету | 10 желтоқсанға дейін | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Астана қаласының әкімі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 18. | Мереке өтетін жерлерді әшекеймен, жарықпен, дыбыспен және музыкамен көркемдеуді қамтамасыз ету | 20 желтоқсанға дейін | Астана қаласының әкімі |
| 19. | Жаңа жылдық торт дайындауды, қатысушыларға арналған дәмді дастархан ұйымдастыруды қамтамасыз ету | 24 желтоқсан | Астана қаласының әкімі |
| 20. | Президенттік жаңа жыл шыршасына қатысушы балалардың тұратын жерлерінде және Астана қаласында кешенді профилактикалық медициналық байқауды қамтамасыз ету, балалар орналасқан және іс-шаралар өтетін жерлерде медицина қызметкерлерінің тәулік бойы кезекшілігін ұйымдастыру | 15-25 желтоқсан | Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, Астана қаласының әкімі |
| 21. | Президенттік жаңа жыл шыршасын дайындаудың және өткізудің барысын жариялайтын бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің тізімін анықтау | 15 желтоқсанға дейін | Қазақстан Республикасы Президентінің Баспасөз қызметі (келісім бойынша) |

---

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2003 жылғы 21 қарашадағы
N 288 өкімімен
бекітілген

**Президенттік жаңа жыл шыршасына қатысушылардың сандық құрамы**

---

| Облыстардың, қалалар мен ұйымдардың атаулары | Балалардың саны | Алып жүру. шілердің, | Барлық қатысушы оның ішінде |
|---|---|---|---|

| | | медицина қызметкер. лерінің саны | |
|---|---|---|---|
| Ақмола | 10 | 2 | 12 |
| Ақтөбе | 10 | 2 | 12 |
| Алматы | 15 | 2 | 17 |
| Атырау | 10 | 2 | 12 |
| Шығыс Қазақстан | 15 | 2 | 17 |
| Жамбыл | 15 | 2 | 17 |
| Батыс Қазақстан | 10 | 2 | 12 |
| Қарағанды | 15 | 2 | 17 |
| Қызылорда | 10 | 2 | 12 |
| Қостанай | 10 | 2 | 12 |
| Маңғыстау | 10 | 2 | 12 |
| Павлодар | 10 | 2 | 12 |
| Солтүстік Қазақстан | 10 | 2 | 12 |
| Оңтүстік Қазақстан | 20 | 3 | 23 |
| Астана | 10 | 2 | 12 |
| Алматы | 10 | 2 | 12 |
| Республикалық мекемелер | 10 | 2 | 12 |
| Барлығы | 200 | 35 | 235 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК